

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау  
министрлігіҚазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің м.а.  
2023 жылғы 17 тамыздағы № 145  
бұйрығы. Қазақстан  
Республикасының Әділет  
министрлігінде 2023 жылғы 21  
тамызда № 33307 болып тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики  
Казахстан

**«Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және  
(немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде  
медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін есепке  
алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № ҚР ДСМ-186  
/2020 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № ҚР ДСМ-186/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21619 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін есепке алуды жүргізу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды үйлестіру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты  
құжатқа сілтеу QR-коды

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. Т. Султангазиев**  
«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің м.а.  
2023 жылғы 17 тамыздағы  
№ 145 Бұйрыққа  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2020 жылғы 6 қарашадағы  
№ ҚР ДСМ-186/2020 бұйрығымен  
бекітілген

**Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және  
(немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде  
медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін есепке  
алуды жүргізу қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін есепке алуды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 67) тармақшасына сәйкес әзірленді және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесінде медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін есепке алуды жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі – қор) – аударымдар мен жарналарды шоғырландыруды жүргізетін, сондай-ақ медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында

көзделген көлемдерде және талаптарда сатып алуды және оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

2) бірлесіп орындаушы – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына (бұдан әрі – дерекқор) енгізілген, ТМҚКК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша ТМҚКК-ны қосымша қамтамасыз ету бойынша немесе қызметтерді сатып алу шарты бойынша қызметтер берушінің міндеттемелерінің бір бөлігін орындау үшін қызметтер беруші шарт жасасқан денсаулық сақтау субъектісі;

3) бірлесіп орындау шарты – ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерді сатып алудың немесе ТМҚКК қосымша қамтамасыз етудің жасалған шарты бойынша өнім берушінің міндеттемелерінің бір бөлігін орындау үшін медициналық көмек көрсетуді көздейтін өнім беруші мен денсаулық сақтау субъектісі арасындағы жазбаша нысандағы келісім;

4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) денсаулық сақтау субъектілері – денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ жеке медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалар;

6) дерекқор – қор осы Қағидаларға сәйкес қалыптастыратын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің тізбесі;

7) көрсетілетін қызметтерді денсаулық сақтау субъектілерінен сатып алу веб-порталы (Қағидаларға қатысты) (бұдан әрі – веб-портал) – ТМҚКК

шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерді денсаулық сақтау субъектілерінен сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне бірыңғай қол жеткізу нүктесін беретін ақпараттық жүйе;

8) қызметтер беруші – «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21744 болып тіркелген) (бұдан әрі – сатып алу Қағидасы) бекітілген ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына сәйкес қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ТМҚКК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын немесе ТМҚКК қосымша қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын (бұдан әрі – шарт) жасасқан денсаулық сақтау субъектісі;

9) ТМҚКК-ны қосымша қамтамасыз ету бойынша сатып алу шарты (бұдан әрі – сатып алу шарты) ТМҚКК шеңберінде медициналық көмек көрсетуді көздейтін, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен денсаулық сақтау субъектісі арасындағы жазба түріндегі келісім;

10) ТМҚКК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты) – қор мен денсаулық сақтау субъектісі арасындағы ТМҚКК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуді көздейтін жазбаша нысандағы келісім;

11) цифрлық денсаулық сақтау субъектісі – денсаулық сақтау субъектілерімен ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысты қоса алғанда, денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерін ақпараттық-техникалық сүйемелдеу бөлігінде қызметін жүзеге асыратын немесе қоғамдық қатынастарға түсетін заңды тұлға;

12) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

13) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

## **2-тарау. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерін есепке алуды жүргізу тәртібі**

3. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер және көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің есебін (бұдан әрі – денсаулық сақтау субъектілерін есепке алу) жүргізуді қор жүзеге асырады.

4. Денсаулық сақтау субъектілерін есепке алу:

- 1) дерекқорды қалыптастыру және өзектілендіру;
- 2) дерекқордан шығарылған денсаулық сақтау субъектілерінің тізбесін қалыптастыру және өзектілендіру;
- 3) бірлесіп орындаушы тізімін қалыптастыру және өзектілендіру арқылы жасалады.

5. Дерекқорды қалыптастыруды қор веб-порталда осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорын енгізу (өзекті ету) үшін өтінім дерекқорға (дерекқорларға) енгізуге денсаулық сақтау субъектілері берген өтінімдер және оларға қоса берілетін құжаттар (бұдан әрі – өтінім) негізінде тұрақты негізде жүзеге асырады.

6. Өтінімді денсаулық сақтау субъектісі тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) орналасқан өндірістік базаның (базалардың) орналасқан жері бойынша веб-порталда денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық нысанда береді:

1) «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры» (бұдан әрі – «Е-лицензиялау» МДҚ) ақпараттық жүйесінде тіркелген, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік базасы орналасқан жерде медициналық қызметпен айналысуға арналған лицензияның және (немесе) тиісті медициналық қызметтер көрсету құқығын растайтын қосымшалардың болуы;

2) банкроттық немесе тарату рәсіміне қатыспауы;

3) осы Қағидалардың 17-тармағының 2), 3), 4), 6) және 9) тармақшаларына сәйкес дерекқорға қосуға шектеулер болмауы;

4) Заңға және «Е-лицензиялау» МДҚ-да тіркелген Кодексте және денсаулық сақтау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру ережелеріне сәйкес ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік базасы (базалары) орналасқан жері бойынша дәрілік препараттарды дайындауға және (немесе) дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізуге құқығын растайтын фармацевтикалық қызметке лицензияның және оған қосымшалардың болуы;

5) Заңға және «Е-лицензиялау» МДҚ-да тіркелген Кодексте және өзге де денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру ережелеріне сәйкес ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік базасының (базаларының) орналасқан жері бойынша иондаушы сәуле шығаратын аспаптар мен қондырғыларды пайдалану құқығын растайтын иондаушы сәуле шығаратын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге лицензияның және оған қосымшалардың болуы;

6) Заңға және «Е-лицензиялау» МДҚ-да тіркелген Кодексте және өзге де денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру ережелеріне сәйкес ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік базасы (базалары) орналасқан жері бойынша денсаулық сақтау саласындағы есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметті

жүзеге асыру құқығын растайтын, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензияның және оған қосымшалардың болуы;

7) «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22004 болып тіркелген) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында берілген рұқсат құжатының болуы (эпидемиялық маңызы жоғары объектіге – жоғары эпидемиялық маңызы бар объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі немесе рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен оның электрондық нысаны; эпидемиялық маңызы шамалы объектіге – рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен эпидемиялық маңызы шамалы объектінің қызметін (пайдалануын) жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарламаның көшірмесі немесе электрондық нысаны) (бұдан әрі – ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік базасына (базаларына) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы рұқсат беру құжаты).

Филиалы, өкілдігі немесе өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі бар денсаулық сақтау субъектісі ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер барлық өндірістік базаларды көрсете отырып, өнім беруші және (немесе) бірлесіп орындаушы ретінде өтінім береді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының қарамағындағы денсаулық сақтау субъектілері өндірістік базаның орналасқан жеріне қарамастан, осы жергілікті атқарушы органдардың аумағында өтінім береді.

7. Денсаулық сақтау субъектілері өтінімге қоса береді:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер (заңды тұлға үшін) немесе дара кәсіпкер ретінде тіркеу куәлігінің (анықтама)



көшірмесі және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлға үшін);

2) осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттар өтінімге «Е-Лицензиялау» МДҚ интеграциясы арқылы бекітіледі;

3) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткердің (үміткерлердің) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік базасына (базаларына) рұқсат беру құжатының (құжаттарының) көшірмесі (көшірмелері);

4) басшының сенім білдірілген адамы өтінімге қол қойған және (немесе) ұсынған кезде сенімхаттың көшірмесі;

5) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Ресурстарды басқару жүйесі» ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – РБЖ), «Медициналық техниканы басқару жүйесі» ақпараттық жүйесі (әрі қарай – МТБЖ) (барлық денсаулық сақтау субъектілері), «Бекітілген халық тіркелімі» порталында (бұдан әрі – «БХТ» порталы) (медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілері) деректерді енгізу және оларды өзектілендіру туралы келісім (бұдан әрі – «РБЖ» АЖ, «МТБЖ» АЖ және «БХТ» порталының деректері бойынша келісім).

8. Қор денсаулық сақтау субъектісі өтінім берген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны осы Қағидалардың 6 және 7-тармақтарына сәйкестігін қарайды.

Өтінім осы Қағидалардың 6 және 7-тармақтарына сәйкес келген кезде медициналық көмек нысанында (нысандарында), ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде оны көрсету шартына (шарттарына) веб-порталдағы денсаулық сақтау субъектісі дерекқорына қосылады немесе мәлімделген түрі (түрлері) бойынша мәліметтерді өзектендіреді және денсаулық сақтау субъектісіне ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткерлер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына (дерекқорларына) қосу (өзектендіру туралы) туралы қордың уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған хабарлама осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық нысанда жіберіледі.

Өтінім осы Қағидалардың 6 және 7-тармақтарына сәйкес келмеген кезде ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілеріне веб-порталда денсаулық сақтау субъектілерінің деректер базасына (базаларына) енгізуге (өзектендіруге) өтінімнің қабылданбағаны туралы 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық нысанда мына себептердің бірін көрсете отырып, қордың уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған хабарлама жіберіледі:

1) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде оны көрсету шартына (шарттарына) медициналық қызметке арналған лицензиясы және (немесе) медициналық көмектің мәлімделген нысандары (түрлері) бойынша оған қосымшалардың болмауы (сәйкес келмеуі);

2) «Е-лицензиялау» МДҚ-да тіркелген Кодексте және денсаулық сақтау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген Заңға және медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру ережелеріне сәйкес ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік базасы (базалары) орналасқан жері бойынша дәрілік препараттарды дайындау құқығын растайтын және (немесе) фармацевтикалық қызметке лицензияның және (немесе) дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізу қосымшалардың болмауы (сәйкес келмеуі);

3) «Е-лицензиялау» МДҚ-да тіркелген Кодексте және денсаулық сақтау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген Заңға және медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру ережелеріне сәйкес ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткердің (үміткерлердің) денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік базасының (базаларының) орналасқан жері бойынша иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптар мен қондырғыларды пайдалану құқығын растайтын иондаушы сәулеленуді және (немесе) оған қосымшаларды генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге лицензияның болмауы (сәйкес келмеуі);

4) «Е-лицензиялау» МДҚ-да тіркелген Кодексте және денсаулық сақтау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген Заңға және медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру ережелеріне сәйкес ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге

үміткер денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік базасының (базаларының) орналасқан жері бойынша денсаулық сақтау саласындағы психотроптық заттар және (немесе) прекурсорлар есірткі құралдарының айналымына байланысты қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын, прекурсорлар мен оған қосымшалар, психотроптық заттар, есірткі құралдарының айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензияның болмауы (сәйкес келмеуі);

5) ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік базасына (базаларына) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы рұқсат беру құжатының қоса берілген көшірмесінің болмауы (сәйкес келмеуі);

6) денсаулық сақтау субъектісінде банкроттық немесе тарату рәсімін жүргізу;

7) заңды тұлғаны (заңды тұлға үшін) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтің немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркеу куәлігінің (анықтамасының) және жеке басын куәландыратын құжаттың (жеке тұлға үшін) болмауы;

8) өтінімде көрсетілген денсаулық сақтау субъектісі ұсынған құжаттардың (дұрыс еместігі) және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) сәйкес келмеуі;

9) осы Қағидалардың 17-тармағының 2), 3), 4), 6) және 9) тармақшаларына сәйкес негіздерде денсаулық сақтау субъектісін деректер базасынан шығаруға байланысты деректер базасына енгізуге шектеулердің болуы;

10) заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде;

11) «РБЖ» АЖ, «МТБЖ» АЖ және «БХТ» порталы деректері бойынша келісімің болмауы;

12) басшының сенім білдірілген адамы өтінімге қол қойған және (немесе) ұсынған кезде сенімхаттың көшірмесінің болмауы.

9. Веб-порталда толассыз нөмірлеу беріле отырып, өтінімдерді автоматты түрде тіркеу жүргізіледі.

10. Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге

үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқоры электрондық нысанда веб-порталда қалыптастырылады және оны қор қордың интернет-ресурсында орналастырады.

Денсаулық сақтау субъектісін дерекқорға енгізу денсаулық сақтау субъектісінің осы Қағидалардың, Сатып алу қағидалары, «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21831 болып тіркелген), «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалу мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-321/2020 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу реестрінде № 21904 болып тіркелген) нормаларын сақтауға келісімін білдіру болып табылады.

Уәкілетті орган және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары (бұдан әрі – денсаулық сақтау басқармасы) өздерінің интернет-ресурстарында веб-порталда қалыптастырылған дерекқорға сілтемені көздейді.

11. Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша денсаулық сақтау басқармасы жыл сайын ағымдағы жылдың 1 қазанына дейін алдағы жылға ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайларда төсек бейіндері бөлінісінде төсек қорын қоса алғанда, денсаулық сақтау субъектілерінің төсек қорын айқындау туралы бұйрық шығарады (бұдан әрі – Төсек қоры бойынша бұйрық).

Төсек қоры бойынша бұйрық қорға және цифрлық денсаулық сақтау субъектісіне жіберіледі және қордың және денсаулық сақтау басқармаларының интернет-ресурсында орналастырылады.

12. Деректер базасына енгізілген денсаулық сақтау субъектілері туралы ақпаратты қордан алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде цифрлық денсаулық

сақтау субъектісі ұсынатын деректер базасына енгізілген денсаулық сақтау субъектілері «РБЖ» АЖ және «МТБЖ» АЖ (барлық денсаулық сақтау субъектілері) және «БХТ» порталына (медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілері) қол жеткізе алады.

Денсаулық сақтау субъектілері «РБЖ» АЖ, «МТБЖ» АЖ және «БХТ» порталына қол жеткізген күннен кейін он жұмыс күні ішінде:

1) «РБЖ» АЖ-да – ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде стационарлық жағдайларда төсек бейіндері бөлінісінде төсек қоры бойынша мәліметтер және стационарды алмастыратын жағдайларда төсек-орындар бойынша мәліметтер;

2) «РБЖ» АЖ-да – Заңға сәйкес берілген медициналық қызметке арналған лицензияға қосымшаға (қосымшаларға) сәйкес өндірістік базалардың мекенжайлары бойынша денсаулық сақтау объектілерінің ғимараттары бойынша мәліметтер;

3) «РБЖ» АЖ-да – Заңға сәйкес берілген медициналық қызметке арналған лицензияның қосымшасына (қосымшаларына) сәйкес кадрлар бойынша мәліметтер;

4) «БХТ» порталында – халықты тіркеу учаскелері бойынша мәліметтер;

5) «МТБЖ» АЖ-да – медициналық бұйымдар бойынша мәліметтер енгізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілгендерден басқа денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелеріне қол жеткізуді қормен қызметтерді сатып алу шартын немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісімен ТМККК қосымша қамтамасыз ету шарты жасасқан денсаулық сақтау субъектілері және олардың бірлесіп орындаушылары алады.

13. Денсаулық сақтау басқармасы жыл сайын 1 қазаннан 15 қазанға дейінгі кезеңде деректер базасына енгізілген денсаулық сақтау объектілері бойынша мониторингті жүзеге асырады:

1) «РБЖ» АЖ-да – Төсек қоры бойынша бұйрыққа сәйкес ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде стационарлық жағдайларда немесе стационарды алмастыратын жағдайларда төсек бейіндері бөлінісінде төсек қоры бойынша мәліметтер;

2) «РБЖ» АЖ-да – денсаулық сақтау объектілерінің ғимараттары бойынша мәліметтер өндірістік базалардың мекенжайлары бойынша Заңға сәйкес берілген медициналық қызметке арналған лицензияға қосымшаға (қосымшаларға) сәйкестігіне;

3) «РБЖ» АЖ-да – кадрлар бойынша мәліметтер Заңға сәйкес берілген медициналық қызметке арналған лицензияға қосымшаға (қосымшаларға) сәйкестігі.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес денсаулық сақтау субъектісі бойынша мәліметтердің сәйкес келмеу фактісі анықталған жағдайда денсаулық сақтау басқармасы денсаулық сақтау субъектісіне, қорға және цифрлық денсаулық сақтау субъектісіне «РБЖ» АЖ анықталған сәйкессіздіктер туралы жазбаша нысанда хабарлама жібереді (бұдан әрі – «РБЖ» АЖ мәліметтері бойынша хабарлама).

Денсаулық сақтау субъектісі ағымдағы жылдың 31 қазанына дейінгі мерзімде «РБЖ» АЖ мәліметтері бойынша хабарламаға сәйкес сәйкессіздіктерді жояды және «РБЖ» АЖ мәліметтері бойынша хабарламаға сәйкес сәйкессіздіктерді жою туралы денсаулық сақтау басқармасын, қорды және цифрлық денсаулық сақтау субъектісін жазбаша нысанда хабардар етеді.

Ағымдағы жылдың 20 қарашасына дейінгі мерзімде қор денсаулық сақтау субъектісінің «РБЖ» АЖ мәліметтері бойынша хабарламаға сәйкес сәйкессіздіктерді жоюын тексереді.

14. Деректер базасын өзектілендіруді қор осы Қағидалардың 8 және 9-тармақтарына сәйкес денсаулық сақтау субъектілері берген өтінімдер негізінде тұрақты негізде веб-порталда жүзеге асырады, сондай-ақ осы Қағидалардың 17-тармағында көзделген негіздер бойынша және деректер базасында қамтылған мәліметтерді өзгертуді көздейді.

15. Жыл сайын ағымдағы жылдың 1 қазаны мен 31 қазаны аралығында деректер базасына өнім беруші ретінде енгізілген денсаулық сақтау объектілері деректер базасы бойынша мәліметтерді өзектілендіруге өтінім береді.

Жыл бойы денсаулық сақтау субъектілері деректер базасындағы мәліметтерді өзгерістер басталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей өзекті етеді.

16. Қормен немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі дерекқордағы мәліметтердің өзгеру жағдайлары анықталған кезде қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі үш жұмыс күнінің ішінде денсаулық сақтау субъектісін дерекқордағы веб-порталда деректерді өзектілендіру қажеттігі туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

17. Денсаулық сақтау субъектілерін денсаулық сақтау субъектісі деректер базасына енгізілген медициналық көмектің түрі (түрлері), нысаны (нысандары), оны ТМҚКҚ шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсету шарты (шарттары) бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) орналасқан өндірістік (өндірістік) базаның (базалардың) орналасқан жері бойынша дерекқордан шығаруды қор мынадай жағдайларда жүзеге асырады:

1) қор қызметтерді сатып алу шартын немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ТМҚКҚ қосымша қамтамасыз ету шартын бұзған кезде қызметтер беруші және бірлесіп орындаушы ретінде денсаулық сақтау субъектісі таратылған немесе қайта ұйымдастырылған кезде (қажет болған жағдайда) және денсаулық сақтау субъектісін дерекқордан шығаруды көздейтін меншік нысаны немесе оның ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген кезде – қызметтерді сатып алу шарты немесе ТМҚКҚ қосымша қамтамасыз ету шарты бұзылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде;

2) қор қызметтерді сатып алу шартын немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ТМҚКҚ қосымша қамтамасыз ету шартын бұзған кезде қызметтер беруші және бірлесіп орындаушы ретінде егер денсаулық сақтау субъектісінің қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрған кезде – қызметтерді сатып алу шарты немесе ТМҚКҚ қосымша қамтамасыз ету шарты бұзылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде;

3) қор қызметтерді сатып алу шартын немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ТМҚКҚ қосымша қамтамасыз ету шартын біржақты тәртіппен бұзған кезде қызметтер беруші және бірлесіп орындаушы ретінде қызметтерді сатып алу шартының талаптарын орындамауына, уақтылы не тиісінше орындамауына байланысты – қызметтерді сатып алу шарты немесе ТМҚКҚ қосымша қамтамасыз ету шарты бұзылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде;

4) қор қызметтерді сатып алу шартын немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ТМҚҚҚ қосымша қамтамасыз ету шартын бұзған кезде қызметтер беруші және бірлесіп орындаушы ретінде денсаулық сақтау субъектісінің бастамасы бойынша біржақты тәртіппен – ТМҚҚҚ қосымша қамтамасыз ету шарты бұзылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде;

5) қор қызметтерді сатып алу шартын немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ТМҚҚҚ қосымша қамтамасыз ету шартын бұзған кезде қызметтер беруші және бірлесіп орындаушы ретінде егер денсаулық сақтау субъектісі заңды немесе жеке тұлғаның қызметі туралы жалған мәліметтерді қамтитын дәйексіз деректерді және (немесе) ақпаратты ұсынған кезде – қызметтерді сатып алу шарты немесе ТМҚҚҚ қосымша қамтамасыз ету шарты бұзылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде;

6) қор қызметтерді сатып алу шартын немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ТМҚҚҚ қосымша қамтамасыз ету шартын бұзған кезде қызметтер беруші және бірлесіп орындаушы ретінде Заңға сәйкес медициналық қызметті жүзеге асыру жөніндегі сот шешімінің негізінде – қызметтерді сатып алу шарты немесе ТМҚҚҚ қосымша қамтамасыз ету шарты бұзылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде;

7) денсаулық сақтау субъектісі таратылған, қайта ұйымдастырылған, қызметі тоқтатылған (қажет болған жағдайда), меншік нысаны немесе оның ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген немесе қызмет түрі өзгерген кезде қызмет беруші және бірлесіп орындаушы ретінде, деректер базасынан қызмет беруші болып табылмайтын денсаулық сақтау субъектісін шығаруды көздейтін – заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркелімнен шығару немесе заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміндегі тіркеу деректерін өзгерту жолымен оның құқық қабілеттілігі мен әрекетке қабілеттілігін тоқтату фактісі анықталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде;

8) қызмет беруші болып табылмайтын денсаулық сақтау субъектісі дерекқорға енгізу кезінде заңды немесе жеке тұлғаның қызметі туралы жалған мәліметтерді қамтитын дәйексіз деректерді және (немесе) ақпаратты ұсынған кезде – дәйексіз деректерді және (немесе) жалған мәліметтерді қамтитын ақпаратты беру фактісі анықталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қызмет беруші және бірлесіп орындаушы ретінде заңды немесе жеке тұлғаның қызметі;



9) бірлесіп орындаушы ретінде, егер бірлесіп орындау шарты бойынша қызметтер көрсету қордың немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қызметтерді сатып алу шартының немесе ТМҚКҚ қосымша қамтамасыз ету шартының талаптарын орындамауына, уақтылы не тиісінше орындамауына байланысты қызметтерді сатып алу шартын біржақты тәртіппен бұзуы үшін негіз болған кезде – қызметтерді сатып алу шарты немесе ТМҚКҚ қосымша қамтамасыз ету шарты бұзылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде;

10) осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес денсаулық сақтау субъектісінің бастамасы бойынша өнім беруші және (немесе) бірлесіп орындаушы ретінде;

11) егер денсаулық сақтау субъектісі деректер базасына енгізілген күннен бастап үш жыл ішінде қормен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын және (немесе) бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен ТМҚКҚ қосымша қамтамасыз ету шартын жасаспаған кезде өнім беруші ретінде – деректер базасына енгізілген күннен бастап үш жыл өткеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде;

12) осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес «РБЖ» АЖ және «МТБЖ» АЖ (барлық денсаулық сақтау субъектілері) және «БХТ» порталына (медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілері) енгізілген мәліметтер болмаған кезде өнім беруші және бірлесіп орындаушы ретінде - деректер базасына енгізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі осы тармақтың негіздері бойынша ТМҚКҚ қосымша қамтамасыз ету шартын бұзу кезінде, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі денсаулық сақтау субъектісін дерекқордан шығару себебін көрсете отырып, ТМҚКҚ қосымша қамтамасыз ету шартын бұзған күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде қорды жазбаша нысанда хабардар етеді.

18. Денсаулық сақтау субъектісін дерекқордан шығару кезінде, қор деректер базасынан шығарылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде денсаулық сақтау субъектісіне денсаулық сақтау субъектісін ТМҚКҚ шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткерлер немесе денсаулық сақтау субъектісі денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына енгізілген медициналық көмектің түрі (түрлері), нысандары (нысандары), оны көрсету шарттары (шарттары) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТМҚКҚ шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек

көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорынан алып тастау туралы (бұдан әрі – алып тастау туралы хабарлама) осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген негіздерге сәйкес алып тастау себебін көрсете отырып, веб-порталда электрондық нысанда қордың уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған хабарлама жібереді.

19. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) орналасқан өндірістік (өндірістік) базаның (базалардың) орналасқан жері бойынша веб-порталда денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе ол уәкілеттік берілген тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық нысанда денсаулық сақтау субъектісінің бастамасы бойынша оны дерекқордан алып тастау үшін осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорынан:

- 1) қызметтерді сатып алу шарттары;
- 2) ТМККК қосымша қамтамасыз ету шарттары;
- 3) бірлесіп орындау шарттары болмаған кезде шығаруға өтінім береді (бұдан әрі – шығаруға өтінім).

20. Денсаулық сақтау субъектісі алып тастау өтініміне мыналарды қоса береді:

- 1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер (заңды тұлға үшін) немесе дара кәсіпкер ретінде тіркеу куәлігінің (анықтамасының) көшірмесі және жеке басын куәландыратын құжаттың (жеке тұлға үшін) көшірмесі;
- 2) басшының сенім білдірген адамы өтінімге қол қойған және (немесе) ұсынған кезде сенімхаттың көшірмесі.

21. Веб-порталда өтпелі нөмірлеуді бере отырып, алып тастау өтінімдеріне автоматты тіркеу жүргізіледі.

22. Қор денсаулық сақтау субъектісі алып тастауға өтінім берген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны осы Қағидалардың 19 және 20-тармақтарына сәйкестігін қарайды.

Осы Қағидалардың 19 және 20-тармақтарына сәйкес шығаруға арналған өтінім сәйкес келген кезде денсаулық сақтау субъектісі веб-порталда мәлімделген

медициналық көмектің түрі (түрлері), нысаны (нысандары), оны ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсету шарты (шарттары) бойынша дерекқордан шығарылады денсаулық сақтау субъектісіне қордың уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық нысандағы шығаруға туралы хабарлама жіберіледі.

Алып тастау өтінімі осы Қағидалардың 19 және 20-тармақтарына сәйкес келмеген кезде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төмендегі себептердің бірін немесе бірнешеуін көрсете отырып, қордың уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық нысанда веб-порталда ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорынан шығаруға арналған өтінімнің қабылданбағаны туралы хабарлама жіберіледі:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) (заңды тұлға үшін) немесе дара кәсіпкер ретінде тіркеу куәлігінің (анықтамасының) және жеке басын куәландыратын құжаттың (жеке тұлға үшін) болмауы;

2) денсаулық сақтау субъектісі ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) шығаруға арналған өтінімде көрсетілген деректерге сәйкес келмеуі (дәйексіздігі);

3) қолданыстағы сатып алу шарттарының болуы;

4) ТМККК қосымша қамтамасыз етудің қолданыстағы шарттарының болуы;

5) қолданыстағы бірлесіп орындау шарттарының болуы;

6) басшының сенім білдірген адамы өтінімге қол қойған және (немесе) ұсынған кезде сенімхаттың көшірмесінің болмауы.

23. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорынан алып тасталған денсаулық сақтау субъектілерінің тізбесі (бұдан әрі – дерекқордан алып тасталған денсаулық сақтау субъектілерінің тізбесі) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша веб-порталда электрондық нысанда қалыптастырылады және оны қор өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

24. Дерекқордан алып тасталған денсаулық сақтау субъектілерінің тізбесін өзектілендіруді қордың интернет-ресурсында қор тұрақты түрде жүзеге асырады.

25. Осы Қағидалардың 17-тармағының 3), 4) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша дерекқордан шығарылған қызметтер беруші дерекқордан шығарылған күннен бастап үш жыл ішінде дерекқорға қызметтер беруші және (немесе) бірлесіп орындаушы ретінде енгізілмейді.

26. ТМҚКК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын жасасқан қызметтер берушілермен бірлесіп орындау шарттарын жасасу үшін әлеуетті бірлесіп орындаушылардың тізбесі осы Қағидаларға (бұдан әрі – бірлесіп орындаушылардың тізбесі) 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша веб-порталда электрондық нысанда қалыптастырылады және орналастырады.

27. Бірлесіп орындаушылар тізбесін өзектілендіру қордың интернет-ресурсында дерекқорға бірлесіп орындаушы ретінде қосуға арналған денсаулық сақтау субъектілерінің өтінімдер негізінде қормен тұрақты түрде жүзеге асырылады.

28. Денсаулық сақтау басқармалары қордың веб-порталында және интернет-ресурсында жарияланған өнім берушілердің тізбесіне, бірлесіп орындаушылардың тізбесіне және дерекқордан шығарылған денсаулық сақтау субъектілерінің тізбесіне сілтемелерді өздерінің интернет-ресурстарында орналастырады.

29. Денсаулық сақтау субъектісі дерекқорға енгізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде веб-порталда:

